

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
«Nur-Otan» партиясы  
фракциясының мүшелері  
Д. Мыңбайға  
Ә. Әбсеметоваға

2021 жылғы 1 қазандағы  
шығыс № ДС-289 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Үкіметі алкогольизм, нашақорлық және құмар ойындарға қарсы күрес мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысымен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы (бұдан әрі - Ұлттық жоба) бекітілді.

Ұлттық жоба аясында саламатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған кешенді шаралар қарастырылған.

Атап айтқанда, барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және ірі аудан орталықтарында спорт секцияларын ашу, әрбір ауылдық округте спорт нұсқаушысы лауазымын енгізу, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында туристік маршруттар (жаяу, салт атты, велосипедпен) құру, халықтың 1 000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін 46%-дан 53%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар халық арасында дұрыс тамақтану салтын қалыптастыру бағытында тағам өнімдерін тәуліктік тұтыну деңгейіне қарай түспен таңбалау, тұздың құрымы бойынша әдістемелер әзірлеу, ауыл шаруашылығы өндірушілерін ынталандыру жоспарланған. Балалар арасында семіздікпен сырқаттануды төмендету мақсатында құрамында қант бар сусындарға акциз енгізу қарастырылған.

Ұлттық жобада темекі, алкоголь, психологиялық белсенді заттарды тұтынуға қарсы шараларды, оның ішінде темекі өнімдеріне акцизді кезең кезеңімен арттыруды іске асыру, психоактивті заттарға тәуелділіктің алдын алу бағдарламаларын енгізу үшін жастар арасында зерттеу жүргізу жоспарланған.

Психоактивті заттарға тәуелділіктің алдын алу бағдарламаларын енгізу мақсатында Еуропалық зерттеу әдістемесі негізінде жастар арасында 2025 жылы жүргізілетін зерттеуге республикалық бюджеттен 40 млн. теңге қаражат бөлу көзделген.

Бұл зерттеу жастардың арасында сауалнама жүргізу, халықаралық және отандық сарапшыларды тарта отырып, сауалнама зерттеулерінің нәтижелерін талдау, математикалық-статистикалық талдау жүргізу жолымен жүзеге асырылады

Көрсетілген іс-шараны іске асыруға Денсаулық сақтау министрлігі (2021 жылғы 9 қазандағы шығыс №01-1-19/34714) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне 2025 жылға қосымша қаражат бөлуге бюджеттік өтінім жіберді.

Жалпы Ұлттық жобаны іске асыру нәтижесінде саламатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың үлесін 19%-дан 45%-ға дейін, дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың 50%-ына дейін (қазіргі күні 31,6%) жеткізілетін болады.

Психоактивті заттарға тәуелді пациенттерді емдеу және оңалту барлық өңірлік психикалық денсаулық ұйымдарында және Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығында (бұдан әрі – Орталық) амбулаториялық және стационарлық жағдайларда жүргізіледі.

Кешенді оңалту бағдарламасы емдеу-оңалту іс-шаралары аясында психобелсенді заттарға тәуелді адамдар детоксикация, психотерапиялық және психоэлеуметтік оңалту сияқты үш кезеңінен өтеді.

Қызметтің осы түрлері психобелсенді заттарға байланысты пациенттерді медициналық-элеуметтік оңалту бағдарламасының үш кезеңінде бөлінген.

Бірінші кезеңде психобелсенді заттарды пайдалануға қатысты физикалық және психикалық тәуелділіктен арылту шаралары (декоксикация емі), екінші кезеңде биологиялық және элеуметтік дағдыларын қалпына келтіру (психотерапиялық емделу, психоэлеуметтік көмек) жүргізіледі.

Үшінші кезеңде пациенттерді элеуметтік оңалту және еңбекке тарту шаралары қамтылған. Бұл кезең аяқталғаннан кейін пациенттер тәуелділік бойынша консультант ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Консультант басқа пациенттер үшін оң рөл моделіне айналады, олармен «тең» қағидаты бойынша жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда тәуелділік бойынша консультанттар Орталықта және Алматы қаласындағы, Ақмола және Қызылорда облыстарындағы психикалық денсаулық орталықтарында жұмыс істеуде.

Медициналық-элеуметтік оңалту бағдарламасын дамыту жөніндегі іс-шаралар психикалық денсаулық сақтау қызметін дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған Жол картасына енгізілген, бұл іс-шаралар барлық өңірлерге кезең кезеңінен енгізілетін болады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің (бұдан әрі - Кодекс) 12-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар халықтың саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша тиісті құзіреттерге ие.

Жалпы халық денсаулығын сақтау оның ішінде саламатты өмір салтын тарату мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Депутаттық сауалда көтерілген мәселелер Ұлттық жоспарда және өңірлерді дамыту бағдарламаларында қарастырылған.

**Қазақстан Республикасы**  
**Премьер-Министрінің орынбасары**

**Е. Тоғжанов**